

**Ғарифолла Қабдолқайырұлы Әнес<sup>1\*</sup>, Орхан Сөйлемез<sup>2</sup>, Анар Сайынқызы Бүркітбаева<sup>3</sup>**<sup>1\*</sup>автор-корреспондент, филология ғылымдарының докторы, профессор,

Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0002-6844-8675 E-mail: anes\_gk@mail.ru

<sup>2</sup>философия докторы (PhD), профессор, Кастамону университеті, Түркия, Кастамону қ.,

ORCID: 0000-0001-8382-3173 E-mail: soylemezo@yahoo.com

<sup>3</sup>филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және

инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.,

ORCID: 0009-0006-9969-1594 E-mail: anar.burkitbayeva@yu.edu.kz

**«ЕЛЕҢ-АЛАҢ» РОМАНЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕР**

**Аңдатпа.** Қазіргі дамыған жаһандану заманында ұлт болып қалыптасудың, халық болып тұтастанудың, ел болып бірігудің, елдік салт-сананы сақтаудың басты қозғаушы күші – халықтан-халыққа үзілмей жалғасын тауып келе жатқан этностық діліміз, тіліміз, дініміз және өзекті ой оралым-танымымыз. Зерттеудің басты идеясы – ұлтымыздың тарихын, салт-санасын, ой-өрісін танытатын тарихи «Елең-алаң» романындағы этнографиялық деректерді жазушының тіліндегі жергілікті колорит – фразеологизмдер, мақал-мәтелдер арқылы дәйектеу. Мақалада Ә.Кекілбаев тіліндегі этнографизмдерге этнолингвистикалық зерттеу жүргізу арқылы жазушының тіл шеберлігін айқындайтын дара сөз тіркестері мен оралымдарының мазмұнын анықтау мақсаты тұрды. Зерттеу өзектілігі жазушы тіліндегі этномәдени бірліктің этнолексикалық сөздер қорын түзетіндігін тілдік этнографизмдер аясында негіздеуден көрінеді. Мақала тақырыбының жаңашылдығы мен құндылығы тұрмыстық салтқа қатысты фразалық оралымдар мен теңеулердің, ұлттық мінезді танытатын салт-дәстүрлердің жазушы тіліндегі зерделенуі тұтас контексте алынып, бағамдалуымен ерекшеленеді. Зерттеу барысында тілдік материалды жүйелеу, сипаттау әдістері қолданылды. Зерттеудің болашақ перспективалары ретінде жазушы тіліндегі этнографизмдерді жинақтап, жүйелік сөздігін жасақтау қажеттігі дәйектелді.

**Тірек сөздер:** этнографизмдер; ұлттық колорит; этномәдени бірлік; Ә. Кекілбаев; жазушы тілі**Қаржыландыру көзі:** Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған АР19678872 «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы қоғамдық сананың жаңғыруы контексінде» гранттық жобасы аясында дайындалды.**Сілтеме жасау үшін:** Әнес Ғ.Қ., Сөйлемез О., Бүркітбаева А.С. «Елең-алаң» романындағы этнографизмдер. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). 31-39-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-31-39>**Ғарифолла Қабдолқайырұлы Әнес<sup>1\*</sup>, Орхан Сөйлемез<sup>2</sup>, Анар Сайновна Бүркітбаева<sup>3</sup>**<sup>1\*</sup>автор-корреспондент, доктор филологических наук, профессор,

Музей жертв политических репрессий, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0002-6844-8675 E-mail: anes\_gk@mail.ru

<sup>2</sup>доктор философии (PhD), профессор, Кастамону университет, Турция, г. Кастамону,

ORCID: 0000-0001-8382-3173 E-mail: soylemezo@yahoo.com

<sup>3</sup>кандидат филологических наук, Каспийский университет технологии и

инжиниринга имени Ш. Есенова, Казахстан, г. Ақтау,

ORCID: 0009-0006-9969-1594 E-mail: anar.burkitbayeva@yu.edu.kz

**ЭТНОГРАФИЗМЫ В РОМАНЕ «ВСПОЛОХИ»**

**Аннотация.** В век современных глобальных процессов главной движущей силой становления нации, целостности народа, объединения страны, сохранения национального самосознания является наша этническая ментальность, язык, религия и актуальная мысль-познание. Основная идея исследования заключается в выявлении этнографических данных из исторического романа «Всполохи», отражающего историю, обычаи, мышление этноса. Согласно цели статьи путем проведения этнолингвистического исследования этнографизмов в языке А.Кекильбаева было изучено содержание отдельных фраз и оборотов, определяющих языковое мастерство писателя. Актуальность исследования проявляется в обосновании тезиса о том, что этнокультурные единицы в языке писателя формируют этнолексический запас слов. Новизна и ценность статьи заключаются в комплексном подходе изучения фразеологизмов и сравнений касательно бытовых обрядов, обычаи и традиций народа, отраженных в языке писателя. В ходе исследования были использованы методы систематизации, описания языкового материала. В

качестве будущих перспектив исследования обоснована необходимость обобщения этнографизмов в языке писателя и разработки системного словаря.

**Ключевые слова:** этнографизмы; национальный колорит; этнокультурная единица; А. Кекильбаев; язык писателя

**Источник финансирования:** Статья подготовлена в рамках грантового проекта AP19678872 «Творчество Абиша Кекильбаева в контексте модернизация общественного сознания».

**Для цитирования:** Анес Г.К., Соилемез О., Буркитбаева А.С. Этнографизмы в романе «Всполохи». *Tiltanym*, 2024. №3 (95). С. 31-39. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-31-39>

**Garyfolla Anes<sup>1\*</sup>, Orhan Soilemez<sup>2</sup>, Anar Burkitbayeva<sup>3</sup>**

<sup>1\*</sup>Corresponding author, Doctor of Philological Sciences, Professor, Museum of Victims of Political Repressions, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-6844-8675 E-mail: anes\_gk@mail.ru

<sup>2</sup>Doctor of Philosophy (PhD), Professor, Kastamonu University, Turkey, Kastamonu, ORCID: 0000-0001-8382-3173 E-mail: soylemezo@yahoo.com

<sup>3</sup>Candidate of Philological Sciences, Sh.Yesenov Caspian University of Technology and Engineering, Kazakhstan, Aktau, ORCID: 0009-0006-9969-1594 E-mail: anar.burkitbayeva@yu.edu.kz

## ETHNOGRAPHISMS IN THE NOVEL “ELEN-ALAN”

**Abstract.** In the modern era of developed globalization, the main driving force for the formation of a nation, integration as a people, unification as a country, preservation of national traditions is our ethnic mentality, language, religion and actual thinking. The main idea of the study is to cite ethnographic data from the historical novel “Elen-Alan”, which reflects the history, traditions and thoughts of our nation, using local color phraseology, proverbs and sayings in the language of the writer. The article aims to identify the content of individual phrases and phrases that determine the language skills of the writer by conducting an ethnolinguistic study of Ethnography in the language of A. Kekilbayev. The relevance of the study is manifested in the justification within the framework of linguistic ethnographisms that the ethnocultural unity of the writer's language forms a fund of ethnolexic words. The novelty and value of the topic of the article is emphasized by the fact that the study of phrasal phrases and parables related to domestic customs, traditions and customs that reflect the national character in the language of the writer is taken and evaluated in a holistic context. In the course of the study, methods of systematization and description of language material were used. The need to collect ethnographisms in the writer's language and create a systematic dictionary as future perspectives of the research was determined.

**Keywords:** ethnographisms; national character; ethnocultural unit; A. Kekilbayev; language of the writer

**Source of financing:** The article was prepared within the framework of the grant project AP19678872 “Creativity of Abish Kekilbayev in the context of modernization of public consciousness”.

**For citation:** Anes G., Soilemez O., Burkitbayeva A. Ethnographisms in the Novel “Yelen-Square”. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). P. 31-39. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-31-39>

### Кіріспе

Халқының өткені мен бүгінін салыстыра отырып, тарихи шындықты көркемдік шындықпен астастыра бейнелеген жазушының «Елең-алан» романында ұлт намысын сақтауға тырысқан елдік проблемасы басты назарда болады. Ә.Кекілбаевтың шоқтығы биік романында жоңғар мен басқа да көрші шапқыншылардан әбден титыққан елдің орыс отарлаушыларынан пана іздегені, Әбілхайыр ханның орыс патшалығына кірудегі өзіндік саясаты, елдің тыныш тірлігі үшін жасалған қам-қарекеті шеберлікпен шынайы суреттеледі. Мақаланың негізгі мақсаты – Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» романындағы этнографизмдерді тілдік тәсілдер арқылы идеялық-көркемдік ізденістер тұрғысынан ашу. «Елең-алаң» – тарихи деректілігі мол, Қазақстанның Ресейге қосылуындағы заман тынысын тап басқан тарихи шындық пен көркемдік шешімді орайластыра берген құндылығымен қоса, тұрмыстық этнографизмдерді байыта қолданған жазушы даралығын айқындай түсетін шығарма.

### Материал және әдістер

Зерттеу барысында Ә.Қайдар, Ж.Манкеева т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі этнографизм, этномәдени бірлік туралы айтқан пікірлері теориялық-методологиялық негіз ретінде қолданылды. Шығарма тіліне талдау жасауда деректерді жинау, жүйелеу, лингвистикалық

талдау әдістері қолданылды. Жазушының «Елең-алаң» романы және жазушы шығармашылығы туралы жазылған еңбектер дереккөз ретінде алынды.

Маңғыстаудың Абыл, Нұрым, Қашаған, Қалнияз, Сүгір, Сәттігүл сынды жыр жүйріктерінің зергер сөздерін тыңдап, дуалы дала қарттарының аузынан шешендік сөздер мен тарихи шежірелерді зердесіне құйып өскен Әбіш Кекілбаевтың қолданысында осы өңірде ғана қолданылатын тіл ерекшеліктері мен көне тұлғалар жиі кездеседі. Жазушының тарихи тақырыпқа жазылған туындыларында байырғы сөздер, жергілікті тіл ерекшеліктері, ауызекі сөз саптау үлгілері, танымдық-этнографиялық сөздер жиі ұшырайды (Нұрдәулетова, 2019). Ең алдымен, тарихи роман жөнінде қисынды пікір айтқан ғалым Р. Бердібайдың тарихи шындықты ашуға тырысқанымен жазушы шеберлігі көркем шығарма тіліне келгенде әлеуметтік маңызы дараланып, тарихи шындықты шынайы суреткерлік ізденістері мен бейнелегіш құралдарды шеберлікпен қолдануы тұрғысынан көркемдік шешім табатындығын баса айтқан ойын келтіргеніміз орынды болар. «Жазушы тарихи шындықты тірек ете сөйлегенімен, көркемдік қиялдың шарықтауына жол берген. Осы себептен де шығарманың серіппе күші құжат емес, әлеуметтік талдау болып шыққан. Оқиғаларды характер ашудың себепшісі еткен тұстарды көркем жинақтау шарттары жүзеге асып отырады. Тарихи романның негізгі көздейтіні, қаһармандардың мінез даралығы, қайталанбас келбетін бейнелеу дейтін көне қағида романда көп ретте жетекші тәсілге айналған (Бердібай, 1997). Тарихи шындықты көркемдікпен шынайы үйлестіре білу шеберлігіне келгенде жазушы қазақ халқының дара менталитетін айшықтай келе, туған этносына деген шынайы махаббатына сөзден жұмбақ қасиет дарытты. Ол жұмбақтық шығарма контексінде қазақтың әдет-ғұрып тұрмысындағы ландшафтық кескінді сипаттауынан, кейіпкерлердің психологиялық үндестігін ашудан, роман тілін көркемдегіш құралдары арқылы арттырып тұрған этномәдени теңеулер мен эпитеттер, метафора, кейіптеулер табиғи, психофизиологиялық құбылыстарды мейлінше шынайы көрсетудің дара жолы ретінде жасырынған. Осы ретте этномәдени бірлік, этнографизмдер туралы ғылыми зерттеу материалдарына назар саламыз.

Этнографизмдер туралы ғылыми деректерді қорыту барысында отандық ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйендік. Тарихи категория саналатын этнолингвистиканың негізгі мақсаты – халықтың бүгінгі тірлігін емес, өткен өміріндегі тәжірибесінен туған ұлттық болмысты, халықтық тіршіліктен туындаған ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Сол себепті Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» романында кездесетін көне этнографизмдерді жинақтап, саралаудың маңыздылығы зор.

Қазақ этнолингвистикасы туралы ғалымдар Р.Шойбеков, Б.Омаров, А.Жылқыбаева т.б еңбектерінде жан-жақты қарастырылып келеді. «Елең-алаңдағы» қазақ халқының мәдениетаралық тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын көмескіленіп бара жатқан сөздік қорды, этнографизмдерді саралап талдауда этнолингвист-ғалым Ә.Қайдардың этнографизмдер табиғатына қатысты пікірін келтіргенді жөн санадық.

«Этнолингвистика – белгілі бір этностың немесе (бүгінгі халықтың, ұлттың, ұлыстың) ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, наным-сенімін, тіршілік-тұрмыс ерекшелігін, рухани және материалдық өмірін сол этностың тіл байлығы арқылы танып білуді, тілдік фактілер негізінде белгілі бір жүйеге келтіруді, анықтауды мақсат етеді» (Қайдар, 2014).

«Этнолингвистика – халықтың этногенезін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы» (Манкеева, 2014).

«Кез келген этностың мәдениеті шеңберінде көзі ашылмаған мол қазынаның бастау бұлағын іздеп, оларды сала-сала бойынша жинап-теріп, мән-мазмұны күңгірттенген ұғымдар мен түсініктерді, сөздер мен тіркесімдерді шығу себебі мен қалыптасуын, даму дәстүрін байланыстыра қарастыруда этнолингвистиканың маңызы зор» (Бекболғанова, 2011). Осы анықтамалардың негізінде ұлттың тілін тарихымен, салт-дәстүрімен, наным-сенімімен, аңыздарымен сабақтастыра зерттеу этнолингвистика ғылымының міндеттеріне қатысты саналады. Біздің негізгі мақсатымыз «Елең-алаң» романында ұмыт бола бастаған төл

сөздерімізді жинақтап, жаңғырту, қолданымдық аясын кеңейту болып саналады. Жазушы тіліндегі көпшілік түсіне бермейтін сөздердің арғы жағында тұтас этностың, халықтың тірлігі, болмысы көрінетіндігін нақты мысалдар негізінде дәйектедік. Сонымен қатар біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» романындағы этнографиялық бірліктер тіл ғылымында жаңаша қырынан қарастырылып, олардың танымдық сипаты мен әлеуеті анықталады.

### **Әдебиетке шолу**

Роман тілін зерттеу мәселесі ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Еуропа тілші ғалымдарының қадамынан бастау алды. Роман тіліндегі поэтика мәселесіне зер салған А.Потебня, автордың даралық тұлғасы туралы В.Виноградовтың пікірлері, қазақ романдарының тілдік жағына зер салған ғалымдар еңбегі баршылық. ХХ ғасырда этнолингвистика мәселесі Н.И. Толстой, В.В. Иванов, В.Н. Топоров, А.Ф. Журавлев, С.М. Толстая еңбектерінде көтерілді. Ал этнолингвистиканың қазақ жерінде дамып, өркендеуіне Н.Уәлиев, Б.Қалиұлы, Г.Смағұлова, Б.Момынова, Ғ.Аронов, Р.Шойбеков және тағы да басқа ғалымдар өз үлестерін қосып келеді.

Жазушы тілінің даралығы, стильдік ерекшелігі, көркемдік қыры турасында мол үлесін қалдырып келген ғалымның бірі – Р.Сыздықова. Тарихи романдардағы тілдік құралдарды қолдану тұрғысынан, шығарма тілінің стилін түзуден, тарихи реалийлердің көрінуіне жаңа бағыт-бастама жасады. Ғалымның талдауында Әбіш шығармаларының даралық сипаты, поэтикалық үні, тілдік-стильдік мәнері өзгешелігімен ерекшеленеді (Сыздықова, 2014: 84-85).

Т.Ермекова, Н.Жаңабаеваның мақаласында (Ермекова, Жаңабаева, 2022) қызға қатысты этнографизмдер сараланып, олардың танымдық, ұлттық колориті туралы байыптамалар жасалады.

М.Бекболғанованың «Көркем шығармадағы тұрмыстық суреттеулердің этнолингвистикалық сипаты» атты мақаласында Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» романдарындағы тұрмыстық суреттеулердің этнолингвистикалық аясы кеңінен ашылады. Қазақ халқының болмысын айшықтайтын этносуреттеулер Ш.Мұртаза романдары негізінде тақырыптық жағынан сараланады.

### **Нәтижелер және талқылау**

Ғылыми мақаламыздың нәтижелерінде «Елең-алаң» романындағы этнографизмдердің сипатын ашуға ұмтылдық, зерттеуші Т.Н. Ермекованың «Жалпы әр ұлттың рухани және материалдық мәдениетінен хабар, ақпарат беретін тілдік бірліктер сол ұлттың ең қастерлі байлығы деп айтсақ артық болмас» (Ермекова, 2022: 29), өйткені салт-дәстүрдің көркемдік-шынайылық тұрғысынан жауап беруі «қай заманда да әдебиеттің алдына қойылатын негізгі шарттың бірі – оның заманалық сипатқа ие болуы, дәстүрлердің адам санасына, рухына әсер етіп, этикалық, эстетикалық сауалдарына көркемдік жауап бере білуі. Барлық гәп – көтеріліп отырған идеяның өміршеңдігінде, характерлер мен оқиғалардың табиғи бірлестік табуында, суреткер мұратының биіктігінде» (Бердібай, 1997: 158). Бұл ретте академик Ә.Қайдардың тіліміздегі этноатауларды жинақтаған «Этнолингвистикалық этюдтер» айдары біздің тақырыпты кеңінен зерделеуімізге мол мүмкіндік берді (Қайдар, 2014: 474).

Қазақ тіл білімінде ұлттың болмыс-бітімін этномәдени бірлік ретінде қарастырған, жинақтап жүйелеуде мол еңбек сіңірген ғалым Ә.Қайдардың этнолингвистикалық арналарға жіктемесі төмендегідей: баламалар, тұрақты теңеулер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, жұмбақтар, ауыз әдебиет үлгілері (Қайдар, 2014: 497).

Шығарманы көрікті ететін, жазушының асқан шеберлігі көзге түсетін жері – суреттеу кезеңі. Зерттеуші М.Базарбаевтың зерделеуінде «тіл көркем болса, шығарма да көркем болатыны талас тудырмаса керек... Бейнелі, бедерлі сөз – көркем туындының қаны мен сөлі. Талапкер жанның қай-қайсысының болса да бұл жадынан шығармайтын альфаомегасы болуы шарт» (Базарбаев, 2005: 201) деген талабы біздің ойымызбен ұштасады.

Жазушы тіліндегі этнографизмдер шығармада қазақ халқының ұлттық менталитетін аңғартып қана қоймай, бүгінгі өскелең ұрпақ санасында халқымыздың көне ұмыт бола бастаған наным-сенімдерін қайта жаңғырту есебінде қолданылған. Бұл «рухани мәдениет лексикасының мазмұнында этнопедагогикалық дағдылар, құқықтық-әлеуметтік нормалар, әкімшілік бөлініс,

басқару жүйесі, билік жүргізу, лауазымдық дәреже тағы басқаларына қатысты құнды деректер» біз зерттеу нысанына алып отырған Ә.Кекілбаев романдарында да молынан көрініс тапқан (Манкеева, 2008: 68).

Ә.Кекілбаев – қазақтың ұлттық болмысын, колоритін шебер беретін жазушы. «Елең-алаң» романында кездесетін этнолингвистикалық сипаты басым екі жүзге жуық мысалдары талданды. Бұл мысалдар өзара тақырыптық топтарға ажыратылды.

Ә.Кекілбаевтың «Елең-алаң» романындағы аймақтық этномәдени лексиканы қолдануын мазмұндық-жанрлық жағынан былайша жіктедік: ислам дініне қатысты, менталды (наным-сенімге қатысты) салт-дәстүр, туыстық атауларға байланысты, төрт түлік мал лексемасы, тәуіпшілік, ем-домға қатысты ырым-тыйымдар, ұлттық тағам, ұлттық ойын, көші-қонға байланысты этнографизмдер.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін зерттеу нысаны етіп алынған «Елең-алаң» романынан мысал келтіре отырып түсіндірейік:

*Арына кешірім жоқ. Суық қол ұры қарабет атанып, осы қадірмен қауымның алдында қырық үйдің табалдырығынан аттап, қырық қазанның түп күйесін бетіне жағып шықсын! ...Үкім аттағаны – ата-бабаның аруағын аттағаны. Ол құран аттағанға бара-бар күпірлік. Күпірлікке кешірім жүрмейді* (Кекілбайұлы, 1999: 7). *«Иә, сәт! Иә, аруақ, бергеніңе шүкір!» – деді. «Тәуба, тәуба, тап осы бетіңнен танба!» – деді* (Кекілбайұлы, 1999: 136).

*Аңзарғаны – қарсы алдынан қорғалаған айдың бетіне ұқсаған бір көмескі кескін көлбең еткендей болды. «Қорғалаған айға тура қараушы болма! Онда мыстан кемпір отырады. Тура қарасаң, кірпігіңді жұлып ап, қари қып тастайды», – деуші еді үлкендер. Мына бір жұмбақ кескінге де ол дұрыстап қарай алмады* (Кекілбайұлы, 1999: 1).

– Батыреке, бұл кісі айтады, қазақтар көзі ауырғанда не істейді екен дейді?

– Көзге жел тисе, оған не ыстық сары майға, не түйенің ыстық сүтіне малып, мақта басса немесе жаңа сойылған қойдың бауырын тартса, бәрі де болмаса, қабырғаны отқа ұстап, ыстықтай көздің қызыл етіне тигізсе, іріңін сорып, ісігін қайтарады. Көз қарыққанда, құрым киізді тесіп томаға кигізеді. Ақ түссе – меруерт моншақты ұнтап түйіп, оны ерітілген балық майына араластырып, май жасап, оймақтай теріге жағып, ауру көзге байлайды немесе кіндіктен жалғыз туған кісіге аш қарында үргізеді. Теріскен шықса – ине байлайды не жас нәрестенің дәретімен жуады (Кекілбайұлы, 1999: 116).

*Не күн шығып келе жатқанда, не күн батып бара жатқанда бір тостағанға су толтыр да, ішіне үш тал бұрыш пен қалампыр сал. Науқас кісіні құбылаға қаратып отырғыз да, су ұрттап ап, бетіне, екі бүйіріне, арқасына су бүркіп ұшықта. Су біткесін тостағанды ауру кісінің басынан үш айналдырып, аулаққа лақтырып, ауруға тоғыз қабат киім жапқызып, өзің де аулақ кет...* (Кекілбайұлы, 1999: 116).

Мұндағы көзі ауырғанда, адам ауырғанда жасалатын ырым-жоралғылар қазақ салтында бұрыннан бар. Бұны біздің жіктеуіміздегі ем-домға қатысты ырым-тыйымдарға жатқыздық. Жазушы шығарма колоритін арттыру үшін этноырымдарды шығармаға орайластырып қосқан. Табиғат құбылыстарымен болатын ерекшеліктер Ә.Қайдардың этнолингвистикалық этюдтерінде де айтылады (Қайдар, 2014: 474). Ай символының қызметі наным-сенім, сыйыну, тотемдік, шамандық дәуірден бастап ұлттық санада сақталып, генетикалық тұрғыдан жалғасып келе жатқан мифологемдік этномаркерлер қатарына жататындығын ғалым Ж.Манкеева өз еңбегінде айтқан болатын (Манкеева, 2014: 28).

Жазушының этнографизмдері ауыз әдебиетімен қабысып жатыр, осы орайда жазушының «сөз таңдауы дегенде өз баяндауына (автор тіліне), сондай-ақ кейіпкер тіліне қажет лексика топтары дұрыс, орынды шебер қолдануына назар аударылады. Бұл ретте жазушының этнографизмдерді, тұрмыстық сөздерді, жергілікті немесе кәсіби сөздерді, көне және сирек жұмсалатын сөздерді алғашқы проза жанрында қалайша таңдағаны, жұмсағаны айтылмақ (Сыздықова, 2014: 24).

«Елең-алаңда» жазушының этнографиялық лексиканы сәтті беретін тұсы – ауыл картинасын ашуда, күнделікті тұрмыста жиі айтылмайтын, бүгінгі ұрпақ елеп ескермейтін мағыналары күнгірт тартқан сөздерді дәстүрлі қолданысқа енгізуінде еді.

*Үйге сыйып отыра алмайсың. Жүгіріп сыртқа шыққың келеді де тұрады. Сыртқа шықсаң – қалың біткен бидайық пен еркек желді күнгі көл бетіндегі өз-өзінен бұлықсып бұлқынып жатқаны. Қақалып тығыз өскен майқара жусан, морттық, ажырық ебелек қырықтықтан қаймыққан семіз көбенің жон арқасындай қараптан-қарап дір-дір етеді... Жел жоқтың өзінде тұнба айдын бойжеткен киіп шыққан көк шәйі көйлектің қатармалы етегіндегі білем-білем әжімденіп апты.*

*Тау сілемдері бидайдай бытырап, қадала жайылып жатқан отар-отар қой. Шыбынсыз жазда құлақтарын кесіп алсаң да білместей болып, кенедей жабысып жатқан бауырсақ құлақ мақұлықтарға «шәйіт» деуден де қол босап, ерігіп қалған қойшылар бәрі үлкен төбенің басына жиылып, бір-бірінен қойыртпақ ішіп, жұмыр татыспақ жасап, отыра қалып тоғызқұмалақ таратып, тұра қалып, қазан доп лақтырып, жата қалып белдесіп мәре-сәре (Кекілбайұлы, 1999: 130).*

*...Көлеңке бетте қазық қағылып, өрмек құрылады. Әйелдер ұршық, қыздар көрпе құрайды. Осыдан биылғы жабағы жүн қолмен иіріліп бітіп домалақ-домалақ жіп болғаниша, сосын сол домалақ-домалақ жіп келептеліп боялып шыққаниша, боялған жіп өрмек боп құрылғаниша, ол өрмек тоқылып бітіп, алаша кілем боп төселіп, бау, бас құр, төсек қап, аяқ қап, қоржын боп кереге басына, уық қарына ілінгенше шуылдаған пақырларға тыным жоқ (Кекілбайұлы, 1999: 132).*

*...Әсіресе, балаларда тыным жоқ. Үйдің маңын шаңдатпаңдар дейтін үлкендерден қашып анадай-анадайдағы көгалдарға барып шілдік атады, қашпа топ ойнайды. Тақыр мен тастақ ұшырасса, дөңгелетіп шеңбер сызып, асық атады. Бұта-бұтаның түбін тінтіп, ұя тауып, құсқа тұзақ құрады. Түн баласы ақ көш, ақ сүйек... (Кекілбайұлы, 1999: 132-133).*

*...Жабағы жүн қырқылып, тай-құннан күзеліп, сандарына таңба басылып, қысырақтардың алдына үйір түсіп, қозыны енесінен айырып, жайлауға көшуге не керектің бәрі істеліп болғасын, ел жақсылары бір жерге жиылып көші-қон жайын әңгіме ететін (Кекілбайұлы, 1999: 135).*

*Олардың жол азығы да осы отардың өзінде. Қарындары ашса – қой сауып, жұмырларындағы ащы айранға сүт қосып, қойыртпақ ішеді. Кештеу туған саулықтардың желінін қақтап уыз қатырады. Иштері нысса – қошқар сүзістіреді. Ауыздарын жаппай ертегі айтысады. Дауыстары ашықтары шырқатып ән бастайды (Кекілбайұлы, 1999: 126).*

Бұл жердегі белгіленген сөздер мен сөз тіркестері жазушы қолданған ұлттық тағам, ұлттық ойын, көші-қонға байланысты этнографизмдер тобын құрайды.

Бұл мәтінде жазушының этнографизмдерді молынан қолдануымен бірге халық тілінде жиі кездесетін ұлттық колорит сөздер кездеседі. Шығарма мазмұнын толықтыруда рухани мәдениет – этномәдени деректерді келтіру арқылы автор қазақ тарихы әдебиеті саласында, қазақ руханиятында антропоэлекті этнолингвистика саласына үлес қосты дей аламыз.

*Қыс қысылып, енді міне жаз жазыла бастаған көшпелі дәурен бәрібір көңілді, бәрібір шат-шадыман. Алқара көк дөңбек жоталарды сауырлай тоқтаған көштердің түйелері арқалары босап, жайылысқа шыққан тұстарында шымқай ашық ауаға шым-шытырық кесте төгіп керегелер жайылды, аспандап шаңырақтар көтерілді, шүпірлеп уықтар шаншылды. Сол бір шым-шытырық қызыл күрең көп сызықтың өз әшекейі аздай әлкей-күлекей баулар байланып, қызылды-жасыл басқұрлар тартылды, қос қапталға кереге сыртынан шымырулы ши ұсталып, оның үстін уыздай аппақ үзік, туырлық қымтады (Кекілбайұлы, 1999: 129).*

Ауылдың көшпелі тірлігімен қатар көз алдына ен жайлаудағы жайылған мал, «кестеленген керегелер, аспандаған шаңырақтар, шүпірлеген уықтардың қадалуы» кәнігі құбылыс болғанымен, жазушы тілінде басқаша жанды музыкамен ойнап тұрғандай әсер қалдырады. Сәтті қолданылған эпитеттер мен теңеулерді көші-қонға байланысты этнографизмдерге жатқыздық.

Әбіш Кекілбаевтың романдарындағы аймақтық этномәдени бірліктер этнолингвистикалық лингвомәденитанымдық тұрғыдан күнделікті тұрмыстағы айналысатын төл кәсібі, еңбегіне қатысты зоолексика мен төрт түлік мал шаруашылығына қатысты лексикамен беріледі. «Соған сәйкес ассоциативті-бейнелі танымның арқасында ұлт өкілінің белгілі бір болмыстық сипаты (мінезі, түрі т.б) сол ұлт мәдениетіне, тұрмыс, кәсібіне сәйкес қалыптасқан мал шаруашылығына

катысты белгілермен тілде белгіленгені нақты көрсетіледі» (Манкеева, 2014: 247).

Роман тілінен мысалдармен дәлелдер болсақ, *...қара ат мінген қатулы жасауылдар сары ала жыландай жуан-жуан дойырлары салаңдаған оң қолдарын көкке көтеріп:*

*Насыбай десең, анау қайыған інгендей қайқаңдап тұрған сары қатыннан ал! Шалқаңнан түсіреді!* (Кекілбайұлы, 1999: 51).

*Мынадай тас қорғанның қасында атқа мініп, найзаларын шошаңдатып келген жоңғарлар түйеге үрген күшіктей күлкілі боп қалатын шығар* (Кекілбайұлы, 1999: 63).

*...Терістіктен түскейге құлай салған мыж-мыж Мұғаджардың шығыс бүйірін о жер, бұ жерден тесіп аққан жыланшық өзендерден бастап сонау ен Ырғыз, ту Торғайға дейінгі ұланғайыр өлкенің биыл құйқалы жылы* (Кекілбайұлы, 1999: 123).

*Салқын топырақ біразға дейін бойы жылымай, күйті келмеген қақсал інгендей бедірейіп жатты да қойды. Бірақ салқар аспанның шаршы төріндегі алтын баулы қазығының сар жібек бұйдасын шұбалта созып желіп жеткен сары атанның ыстық қоламтадай пәрменді бауыры нені шыдатпақ? Алғашқы күндерде-ақ ылғал баурайлардан бықсыған бу ұшып, аптаның аяғында кезеріп жатқан көн топырақ түбіттеніп, келесі аптаның басында жер-жаһан қызға қарайтын жасқа жеткен жасөспірім бозбаладай бой сәндеп, мұрт сылайды. ...Әншейінде жоғалған түйедей айдалада жападан-жалғыз маңқиып-маңқиып тұратын аңғал-саңғал жақпар биіктердің өздері қартайғанда қатыны өліп, тоқал іздеп, амалсыз сақал-мұртын күзеп, жасанып шыққан мәужір еркектердей жасыл мен қызылды аралас жамылып, әсіре әлмештеніп алыпты* (Кекілбайұлы, 1999: 124).

Қойшы образының галереясын сәтті түзуде жазушының кәсіби жергілікті теңеулерін, халықтың шынайы тұрмысынан алынған өзіндік шешендік түйдектерін қолдануы шығарма көркемдігін арттыра түседі. «Портрет – адам бейнесіне қатысты метонимиялық құбылыс, біраз көркемдік тұрғыда толымды құбылыс. Ол – жаратылыстың шеберлігіне, өмірдің күрделі табиғатына тәнті қылатын, тарихи мәні зор эстетикалық, эмоционалды-психологиялық, пластикалық, антропометриялық құндылық» (Майтанов, 2009: 533-534).

*Жарық ерін, жалақ ауыз қойшы тек қойыртпақтың дәмі мен қойдың жәйін гана біліп қоймай, күні бойы талай-талай қиялға батады. Төңірегіндегі қыбыр-жыбыр тіршілікке зер салады. Қазаққа табиғаттың талай сырын қойшының таяғы мен қой торының аяғы ашып берген. Жарық ерін, жалақ ауыз қойшы тек қой гана бақпайды, ой да бағады. Қойың от жерге тап болып, бір жұлғаны бір май болып, тыныш жайылып жатса, шалқаңнан түсіп, ойға батпағанда не істейсің? Қазақтың талай дастанын, ертегісін, жұмбағын, әндері мен жаңылтпаштарын осы қойшыекеңдер туғызған. Далиған даланың қақ төрінде таяқ құшақтап талтайып тұрған қойшының көңілі кезеген, көзі көреген, жүрегі сезеген* (Кекілбайұлы, 1999: 127).

Автордың теңеулері – кәнігі қазақы тұрмыстан алынған суреттеу теңеулері. Зоологиялық теңеулерді қарай отырып, шындығында ауылдың қазақы көрінісі мен сары ала жылан, қайыған інген, түйеге үрген күшік, боталы ауылға тап болған жылқы құйрығы шығарманың көркемділігін арттырып қана қоймай, жазушының ауыл картинасын берудегі шешендігін меңзеп тұспалдауымен қатар, оқырманын авторлық даралық теңеулермен таныстырады.

«Образдық-сезімдік тұрғыдан әлемді тану, адам баласының табиғат-болмысына үңілу, тұрмыс-тіршілік мәнісін бағалау, көңіл-күй құбылыстары және қиял ырқымен жүзеге асатын суретті, бейнелі ұғымдар синтезі, көркемдік ойлаудың ерекшелігі» (Негимов, 2015: 180) ретінде жазушының күрделі синкретті теңеулері бағзы өңірдің, табиғаттың тамаша үзік көріністерін бейнелейді.

Романның тұтас контексінде образды теңеулердің молынан ұшырауы далалық этностың даралық портретін беру үшін қолданылса, қазақ тұрмысына тән салт-дәстүрлік элементтер эпико-эстетикалық сипатта беріледі.

Осы сияқты қазақы салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың көрінісін сипаттайтын мысалдар жеткілікті. *Жаз шаршысына толып, ен жайлауға ел көшіп қонғанша қалдырылған талай шаруаға қол енді босайды. Қоңсы қонған ауылдар бір-біріне барып қоныс құтты айтысады. Қыста аяқтанған балалардың тұсауы енді кесіліп, көктеуде туған балалардың шілдеханасы*

енді жасалады... Жаңа тігілген үйлер, ту сырттарынан қарағанда, іргелерін белдеуге дейін сәңкитте түріп, көл кешкелі тұрған қоқи қаздай қызыл сирақтанып алған (Кекілбайұлы, 1999: 129). «Апырай, мынаның жаны бар ма? Әлгісі атау кересін ішкені болмасын...» (Кекілбайұлы, 1999: 168).

Қадірлі атасының қасына кеп, сыпайысып отырған ерке немередей, екі жаққа жалтақ-жалтақ қарап қойып, әңгімесіне кірісті (Кекілбайұлы, 1999: 199).

Хабаршы жігіт ділмар-ақ екен. Құдды бір қыз айттыра барған құдадай ештеңе қалдырмай бәрін майын тамызып егжей-текжейлеп баяндап берді (Кекілбайұлы, 1999: 233).

Үш күн бойы қайын жұрттарына келіп, қыз ойнақта жатқандай, жүздері күреңітіп алған (Кекілбайұлы, 1999: 246).

Жазушы тіліндегі этнотөнеулер «...біріншіден, айтпақ ойына әсерлі үн берсе, екіншіден, табиғаттың әр тұсын мәпелей, сүйіне сөз ету, сірә, сол табиғатпен етене болған дала перзенттері – қазақтардың жанына жылы тиетін болу керек» (Сыздықова, 2014: 34). Олар әлеуметтік маңызы жоғары дәстүрлі жергілікті салт-сананың көрінісі ретінде шығарманың композициялық құрылымына нәр беріп тұр.

Шатырға кіріп келгенде қанелімде тілінен айырылып қала жаздады. Самаладай кең баспанада өңшең бір дағарадай қызыл түлкі тымақтан көз тұнады. Шеттерінен тойға келгендей сәндене киініпті. Өңшең бір құдасының төрінде отырғандай манаурай жайғасқан маңғаз немелер (Кекілбайұлы, 1999: 52).

Қашан да үсті-басы осылай қақпан қарап қайтып келе жатқан аңшыдай құрап жүргенмен, қайын жұртына келген күйеудей аяғын арқайын көсілмей, сызылып отырғанмен көкейінде талай қызыл құрттың басы шошайып жататын (Кекілбайұлы, 1999: 281).

### Қорытынды

Жалпы, жұмысымызды қорыта келе, Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» романындағы этнографизмдер мен этнолексикалық бірліктерді мағыналық-жанрлық жағынан жіктедік. Зерттеуіміздің шеңберіне енбей қалған «Елең-алаңдағы» этнографизмдер әлі де жан-жақты зерттеуді талап етеді. Жазушы тіліндегі этнографизмдерді тақырыптық жағынан саралап, антропоэктік жағынан зерттеудің құндылығы – бүгінгі ұрпақ пен келер ұрпақ санасын тарихы терең, тәрбиелік мәні зор қазақ болып туғанына мақтаныш сезімін ұялататын ғибратты мұраның бір бөлшегі бола алуында. Осы арқылы Әбіш Кекілбаевтың ұлт руханиятындағы үлес-қарымы, шығармашылық лабораториясының мәңгілік құндылықтары мынада деп тұжырым жасаймыз: туған жерді ардақтап, қастерлеу сипатынан «Елең-алаңның» халықтығы танылады; Әбіш тағылымындағы шешендік шиырлардың басты тағылымы толғауы тоқсан қызыл тілмен баяндауы, ол жазушы арсеналындағы этносөздік қордың молдығы. Зерттеу жұмысының болашақ перспективалары негізінде Әбіш Кекілбаев романдарындағы этнографизмдердің жүйелік-желілік сөздігін жасау қажеттілігі туындады. Түптеп келгенде, Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» романындағы этнографизмдер қазақтың бай рухани мәдениеті мен тарихынан суарылған жазушы лексиконын дамытудағы, шығарма өміршендігін сақтаудағы басты көркемдік құбылыс деуге негіз бар. Зерттеу аясына енбеген жазушы тіліндегі этнобірліктер келесі зерттеу мақаламызда сөз етілетін болады. Әбіш шығармашылығына дендеп кіру, әбіштанудың келелі мазмұнды беттерін парақтау арқылы, жазушы тілінде этнографизмдер тарихын әлі де зерделеу бүгінгі және келешек ұрпақтың санасына қалатын маңызды жәдігеріміздің бірегейі болмақ.

### Әдебиеттер

- Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы, 2005. – 512 б.  
 Бекболганова М. Көркем шығармадағы тұрмыстық суреттеулердің этнолингвистикалық сипаты // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2011, № 2.  
 Бердібай Р. Тарихи роман. – Алматы: Санат, 1997. – 322 б.  
 Ермакова Т.Н. Қызға қатысты этнографизмдердің танымдық сипаты // Еуразия гуманитарлық университетінің Хабаршысы. – 2022, №3.  
 Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. Том 5. – Алматы, 1999. – 416 б.  
 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр: Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: Сардар, 2014.  
 Майтанов Б. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер: Зерттеулер, эсселер. – Алматы, 2009. – 544 б.



- Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.  
 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. – 356 б.  
 Негимов С. Шығармалары. Зерттеулер. – Астана, 2015. – 424 б.  
 Нұрдаулетова Б.І. Ә.Кекілбаев тарихи романдарының тілдік әлеуеті // Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Еңбек Ері Ә.Кекілбайұлының 80 жылдығына арналған әдебиет және өнер қайраткерлері Халықаралық конгресінің материалдары. – Ақтау, 2019. – 242 б.  
 Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел шежіре, 2014. – 296 б.

### References

- Bazarbaev M. (2005) Zamana tudyrgan adebiet. Almaty, 512 b. [Bazarbaev M. (2005) Literature created by The Times. Almaty, 512 p.] (in Kazakh)  
 Bekbolganova M. (2011) Korkem shygarmadagy turmystyq suretteulerding etnolingvistikalыq sipaty. QazUU Habarshysy, № 2. [Bekbolganova M. (2011) Ethnolinguistic character of household descriptions in a work of art. Kaznu Bulletin. Philology series. No. 2.] (in Kazakh)  
 Berdibai R. (1997) Tarihi roman. Almaty: Sanat, 322 b. [Berdibai R. (1997) Historical novel. Almaty: Category, 322 p.] (in Kazakh)  
 Ermekova T.N. (2022) Qyzga qatysty etnografizmderdіng tanymdyq sipaty. Eurazija gumanitarlyq universitetіng Habarshysy, №3. [Ermekova T.N. (2022) The cognitive nature of ethnographisms in relation to the girl. Bulletin of the Eurasian Humanitarian University, No. 3.] (in Kazakh)  
 Kekilbaiuly A. (1999) On eki tomdyq shygarmalar zhinagy. Tom 5. Almaty, 416 b. [Kekilbaiuly A. (1999) Collection of works in twelve volumes. Vol. 5. Almaty, 416 p.] (in Kazakh)  
 Maitanov B. (2009) Muhtar Auezov zhane ulttyq adebi urdister: Zertteuler, esseler. Almaty, 544 b. [Maitanov B. (2009) Mukhtar Auezov and national literary trends: Research, essays. Almaty, 544 p.] (in Kazakh)  
 Mankeeva Zh. (2014) Qazaq til bilimіng maseleleri. Almaty: Abzal-Ai, 640 b. [Mankeeva Zh. (2014) Problems of Kazakh linguistics. Almaty: Abzal-Ai, 640 p.] (in Kazakh)  
 Mankeeva Zh. (2008) Qazaq tilindegi etnomadeni ataulardyng tanymdyq negizderi. Almaty, 356 b. [Mankeeva Zh. (2008) Cognitive foundations of ethno-cultural names in the Kazakh language. Almaty, 356 p.] (in Kazakh)  
 Negimov S. (2015) Shygarmalary. Zertteuler. Astana, 424 b. [Negimov S. (2015) Works. Research. Astana, 424 p.] (in Kazakh)  
 Nurdauletova B.I. (2019) A.Kekilbajev tarihi romandarynyng tildik aleueti. Halyq zhazushysy, memleket zhane qogam qajratkeri, QR Engbek Eri A.Kekilbajulynyng 80 zhyldygyng arналган adebiet zhane oner qajratkerleri Halyqaralyq kongresіng materialdary. Aqtau, 2019, 242 b. [Nurdauletova B.I. (2019) The linguistic potential of historical novels by A. Kekilbayev. Materials of the International Congress dedicated to the 80th anniversary of the people's writer A. Kekilbayuly. Aktau, 242 p.] (in Kazakh)  
 Qajdar A. (2014) Gylymdagy gumyr: Maqalalar, bajandamalar zhinagy. Almaty: Sardar. [Qajdar A. (2014) Life in science: Collection of articles, reports. Almaty: Sardar.] (in Kazakh)  
 Syzdyqova R. (2014) Soz qudireti. Koptomdyq shygarmalar zhinagy. Almaty: El shezhire, 296 b. [Syzdyqova R. (2014) The power of the word. Collection of multi-volume works. Almaty: El shezhire, 296 p.] (in Kazakh)

*Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.*

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 10.07.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.09.2024.

© Әнес Ғ.Қ., Сөйлемез О., Бүркітбаева А.С., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024